

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 2975
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 13 ақпан N 557.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.07.05. N 140 жарлығымен.

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы N 2975 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережеге :

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияны Мемлекет басшысы тағайындайтын төраға басқарады. Комиссияның құрамына лауазымы бойынша Бас Прокурор және Әділет министрі (олар болмаған жағдайда - аталған лауазымды тұлғалардың орынбасарлары) кіреді. Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және өзге де адамдар кіруі мүмкін";

2) 9-тармақта "бір жыл" сөздері "алты ай" сөздерімен алмастырылсын;

3) 17 - тармақта :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өлім жазасына кесілген адамдарға қатысты - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына және Бас прокуратурасына;

2) бас бостандығына айыруға және басқа жаза шараларына сотталған адамдарға қатысты - олардың орындалуын басқаратын органдарға жіберіледі.";

3) тармақша алынып тасталсын;

4) 11, 13, 15, 20-тармақтардағы "Азаматтық және кешірім жасау мәселелері жөніндегі бөлімі" деген сөздер "Мемлекеттік-құқық бөлімі" деген сөздермен алмастырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК